



Сізге Халықаралық Қайта Жаңарту және Даму Банкінің (Банк) атынан Қазақстан Республикасына (Алушы) төрт жүз он мың алты жүз (410.600) АҚШ долларынан аспайтын сомаға Грант (Грант) беруге Жапония Үкіметі бөлген грант қаражатын таратушы ретінде Банктің келісетіні туралы хабарлаймын.

Грант осы Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Жаңарту және Даму Банкінің арасындағы "Ормандарды сақтау және республика аумағының орманды жерлерін көбейту" жобасын дайындауға грант бөлу туралы келісімге Қосымшада баяндалған мақсаттар үшін және шарттарда қаржылық көмек көрсету туралы Алушының өтінішіне (бұдан әрі - Келісім-хат) жауап ретінде беріледі. Алушы бұдан әрі өзінің келісімін растай отырып, ол жоғарыда көрсетілген мақсаттар үшін және шарттарда келісім жасасуға және Гранттың қаражатын алуға уәкілетті екенін м ә л і м д е й д і .

Банктің саясатына сәйкес осы Келісім-хат және осы мәселе бойынша кез келген ақпарат осы келісім күшіне енгеннен және Алушының тарапынан ақпаратты ашуға келісім алынғаннан кейін жариялануға жататындығына Сіздің назар аударуыңызды сұраймыз. Осы Келісім-хатқа қол қоя отырып, Алушы осындай жария етуге өзінің к е л і с і м і н б е р е д і .

Жоғарыда айтылғандарға Алушының атынан Сіздің келісіміңізді өзіңіздің қолыңызды және қол қойған күнді қойып және Банкке Келісім-хаттың қоса берілген данасын қайтарып, растауыңызды сұраймын.

Осы Келісім-хат Банк Алушыға Сіз қол қойған Келісім-хаттың көшірмесін олардың алғандығы және олардың Келісім-хат тиісті түрде санкцияланғандығы немесе бекітілгендігі, орындалғандығы және Алушының атынан жеткізілгендігі туралы куәландыратын Банк үшін қанағаттанарлық растама алғандығы туралы хабарлама жіберген күні күшіне енеді және Келісім-хаттың шарттарына сәйкес Алушы үшін заңи міндетті болып табылады.

Қ ұ р м е т п е н ,

Халықаралық Қайта Жаңарту және Даму Банкінің  
а т ы н а н

К р и с т о ф е р

Л о в е л а с

Еуропа

мен

Орталық

Азия

Өңірі

Орталық

Азия

бойынша

Өңірлік

бөлімшенің

Ел бойынша Жұмыс істейтін директоры

ҚАЗАҚСТАН

РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ

АТЫНАН

Қ о л ы :

А т ы - ж ө н і :

-----  
-----

Лауазымы: \_\_\_\_\_

Күні: \_\_\_\_\_

ҚОСЫМША

## Гранттың мақсаттары, мерзімдері мен шарттары

### 1. Мақсаттары мен қызметі

1.1. Гранттың мақсаты басты міндет ретінде ормандарды басқаруды жақсарту мен Қазақстандағы елді мекендердің кірістерін ұлғайтуды көздейтін "Ормандарды сақтау және республика аумағының орманды жерлерін көбейту" жобасын (Жоба) дайындауға жәрдем көрсету болып табылады. Грант Жобаны дайындау жөніндегі қызметтің (Қызмет) мынадай түрлерін жүзеге асыру үшін беріледі:

а) жобаның логикалық құрылымын (i) оның нәтижелілік индикаторларымен бірге қоса алғанда, Жобаны іске асыру жоспарын әзірлеу; (ii) шығыстар сметаларының кестелерімен бірге Жобаның толық сипаттамасы; (iii) іске асырудың толық ұйымдастыру схемасын айқындау; (iv) іске асыру кестесі; (v) сатып алу жоспары; (vi) қаржылық басқару жоспары және қаржыландыру жоспары; (vii) мониторинг және бағалау жоспары және (viii) Операциялық басшылық жобасы және оларды талқылау және мүдделі тараптармен келісу, олардың бағдарлы құны 96.100 АҚШ долларына баламалы.

б) жергілікті халықты орман шаруашылығы қызметіне тарту жөніндегі тетіктерді әзірлеу, семинарлар мен тренингтер, олардың бағдарлы құны 71.550 АҚШ долларына баламалы;

с) жобаның қоршаған ортаға әсер етуін бағалауды дайындауды қоса алғанда, Жобаның экологиялық сараптамасы және қоршаған ортаны басқарудың толық жоспары және экологиялық сараптаманың әдіснамасы мен нәтижелері тұрғысынан жұртшылықпен консультация, олардың бағдарлы құны 39.000 АҚШ долларына баламалы;

д) жобаның экономикалық және қаржылық тиімділігін талдау, бағдарлы құны 60.200 АҚШ долларына баламалы;

е) жобаның негізгі мүдделі тараптарын айқындауды, олардың әлеуметтік-экономикалық қажеттіліктерін және оларға Жобаның іс-шараларының мүмкін болатын әсерін талдауды және олардың кірістерінің деңгейін арттыруды және мүдделі тараптардың Жобаны іске асыруға қатысу жоспарын әзірлеуді қоса алғанда, Жобаны әлеуметтік бағалау, бағдарлы құны 39.500 АҚШ долларына баламалы;

ф) ормандарды және жайылымдарды тұрақты басқару үлгілерін енгізу үшін құқықтық және институционалдық базаны бағалау, бағдарлы құны 41.300 АҚШ

д о л л а р ы н а

б а л а м а л ы ;

г) алушының Грантты басқару жөніндегі әкімшілік және техникалық әлеуетін, оның аудитін қоса алғанда, нығайту, бағдарлы құны 62.900 АҚШ долларына баламалы.

## 2. Іске асырудың ортақ аспектілері

2.1. Алушы Ауыл шаруашылығы министрлігі арқылы әрекет ете отырып:

а) Қызметті адал және тиімді жүзеге асыруы; (b) осы мақсатқа қажетті қаражатты, объектілерді, қызметтер көрсетуді және өзге де ресурстарды жедел беруі; (c) Қызметке және Банк негізді сұраған Грант қаражатын пайдалануға қатысты барлық ақпаратты беруі; (d) кезең-кезеңмен Банк өкілдерімен Қызметті жүзеге асыру барысына және оның нәтижелеріне қатысты пікір алмасуы; және (e) Банк өкілдері Алушының аумағында Грантты іске асыруға байланысты мақсаттар үшін болуы үшін барлық қажетті шараларды қабылдауы тиіс. Жоғарыда айтылғандарды шектеусіз Алушы Банктің сұрау салуы бойынша Қызмет аяқталғаннан кейін нысаны мен мазмұны бойынша Банк үшін қолайлы болуы тиіс Қызметтің нәтижелері мен салдарды туралы есепті жедел дайындайды және Банкке береді.

## 3. С а т ы п а л у

3.1. Банкпен өзге уағдаластықтар болмағанда, Қызметті орындау үшін қажетті және Грант қаражатынан қаржыландыруға жататын консультациялық қызметтер көрсетуді және тауарларды сатып алу осы Қосымшаға 1-толықтырудың ережелерімен реттеледі.

3.2. Грант қаражатынан қаржыландыруға жататын барлық импортталатын тауарлар оларды сатып алуға, тасымалдауға және пайдалану немесе орнату орнына жеткізуге байланысты қатерлерден сақтандырылуы үшін және тиісті сақтандыру өтемі мұндай тауарларды алмастыруды немесе жөндеуді қамтамасыз ету мақсатында еркін айырбасталатын валютада төленуі үшін шаралар қабылдайды. Алушы Қызметті орындауға байланысты кез келген объектілерді пайдалану және оларға техникалық қызмет көрсету барлық уақытта тиесілі әдістерді пайдалана отырып жүзеге асырылуы үшін және мұндай объектілерді кез келген жөндеу немесе жаңарту қажеттілігіне қарай жедел жүргізілуі үшін шаралар қабылдайды.

## 4. Г р а н т қ а р а ж а т ы н а л у

4.1. Грант қаражаты Банк ашқан шотта, оның есеп құжаттарында Алушының атына (Гранттың шотына) есепке алынады және Алушы осы шоттан Қызметті орындау үшін қажетті және Грант қаражатынан қаржыландыруға жататын тауарлар мен қызметтер көрсетудің негізделген құнына ақы төлеу үшін осы 4-бөлімнің ережелеріне сәйкес ала  
а л а д ы .

4.2. Бұдан әрі санамаланған баптардың шеңберіндегі шығыстар Грант қаражатынан қаржыландырылуы мүмкін және Қызметті орындау үшін ғана пайдаланылады:

Санаты

Бөлінген Грант

Грант қаражатынан

<u>(АҚШ долл.)</u>	қаражатының с о м а с ы %	қаржыландыруға жататын <u>шығыстардың</u>
(i) Аудитті қоса алғанда,	389.900	100%
қызметтер көрсету		к о н с у л ь т а ц и я л ы қ
(2) Оқыту және семинарлар	13.200	100%
(3) Тауарлар	7.500	Шығыстардың 100%-ы шетел валютасында, шығыстардың 100%-ы жергілікті валютада (франко-зауыт құны) және ішкі рынокта сатып алу шеңберінде басқа баптарға шығыстардың 80% - ы жергілікті валютада
ЖИЫНЫ	410,600	

Осы тармақтың мақсаттары үшін а) "шетел валютасындағы шығыстар" деген термин Қазақстан Республикасын қоспағанда, кез келген елдің аумағынан жеткізілетін тауарлар мен қызметтер көрсетуге ақы төлеу үшін Қазақстан Республикасын қоспағанда, кез келген елдің валютасындағы шығыстарды білдіреді; б) "жергілікті валютадағы шығыстар" деген термин шетел валютасындағы шығыстар болып табылмайтын кез келген шығыстарды білдіреді, алайда, егер Қазақстан Республикасының валютасы, сондай-ақ аумағынан тауарлар мен қызметтер көрсету жеткізілетін басқа елдің валютасы болып табылатын жағдайда осы тауарлар мен қызметтер көрсетуге арналған мұндай валютадағы шығыстар шетел валютасындағы шығыстар ретінде қаралады; және в) "Семинарлар және тренинг" деген термин Жобаны іске асыру жоспары жөніндегі, сондай-ақ оның экологиялық және әлеуметтік әсерін бағалау жөніндегі қоғамдық консультациялық кеңесті, сондай-ақ жобаны басқаруға қатысатын Алушының қызметкерлерінің тренингін білдіреді.

#### 4.3. 4.2-тармақтың ережелеріне қарамастан:

(а) қаражат Грант Шотынан мынандай жағдайларда алынбайды: (i) осы Келісім-хатқа Банк қол қойған күнге дейін жүргізілген шығыстарға ақы төлеу үшін; (ii) Алушы немесе Алушының аумағында алынатын қандай да болмасын салықтарды төлеу үшін; (iii) Банк мүшесі болып табылмайтын қандай да болмасын елдің аумағындағы шығыстарды қаржыландыру үшін немесе осындай елдің аумағында өндірілген тауарларға немесе осындай елдің аумағынан көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу үшін; немесе (iv) жеке және заңды тұлғаларға қандай да болмасын төлемдерді жүзеге асыру үшін немесе егер мұндай төлемдер немесе импорт Банкке белгілі болғандай, Біріккен

Ұлттар Ұйымы Жарғысының VII тарауына сәйкес қабылданған БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің шешімімен тыйым салынған болса, тауарлардың импортын қаржыландыру ү ш і н ;

(b) қаражат Грант Шотынан 2006 жылғы 18 шілдеден немесе ерекше жағдайларды қоспағанда, Банк Алушыға жазбаша хабарламада көрсететін неғұрлым кеш күннен (Жабу күні) кейін алынбайды, Жабу күні Жобаны қаржыландыру қаражатын Банк бекітетін болжамды күннен кеш болатындай етіп ауыстырылмайды. Алайда, Грант қаражаты, егер қаражатты алуға тиісті өтінімді Банк Жабу күні басталғаннан кейін төрт ай ішінде алса, Жабу күні басталғанға дейін жүргізілген шығыстарға ақы төлеу үшін Жабу күні басталғаннан кейін алынады, бұдан кейін Грант Шотынан алынбай қалған Гранттың кез келген сомасы жоққа шығарылады; және

(c) егер Банктің пікірі бойынша 4.2-тармақтың кестесінде көрсетілген қандай да болмасын баптың шеңберінде бөлінген Грант сомасы осы бап бойынша шығыстарды қаржыландыру үшін жеткіліксіз болса, Банк Алушыға жазбаша хабарлама жібере отырып, осы бапқа Банктің пікірі бойынша басқа шығыстарды қаржыландыру үшін талап етілмейтін, басқа бапқа бөлінген Грант қаражатының осындай сомасын аудара а л а д ы .

4.4. Егер Алушы Грант Шотынан қаражаттың қандай да бір сомасын алғысы келсе, ол Банк көрсеткен нысан бойынша осы соманы алуға Банкке жазбаша өтінім беруі тиіс. Қаражатты алуға арналған өтінімдерге: (a) Алушының атынан Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі немесе одан осыған жазбаша өкілеттік алған өзге тұлға қол қояды; және b) Банк негізді талап еткен растаушы құжаттармен бірге жүреді. Қаражатты алуға арналған өтінімдерге қол қоюға уәкілетті тұлғалардың қолдарының расталған үлгілері оның қолы бар бірінші өтініммен бірге беріледі. Гранттың белгілі бір сомасын алуға арналған әрбір өтінім және оны растайтын құжаттама Алушы Грант Шотынан осы соманы алуға құқығы барына және осы сома Қызметті жүзеге асыру үшін пайдаланылатынына Банкті сендіруі үшін нысаны мен мазмұны бойынша жеткілікті болуы тиіс. Банк Алушы Грант Шотынан алатын соманы тек Алушының өзіне немесе оның тапсырмасы бойынша төлейді.

4.5. Банк қаражатты Грант Шотынан алу: (a) құны 50.000 АҚШ долларына баламалы сомадан кем консультациялық қызметтер көрсетуге; (b) құны 25.000 АҚШ долларына баламалы сомадан кем жеке консультанттардың қызметтер көрсетуіне; және (c) тауарларды жеткізуге және, (d) семинарлар мен тренингтерге арналған келісім-шарттар бойынша шығыстарға ақы төлеу үшін шығыс ведомостарының негізінде жүргізілуін талап ете алады, бұл ретте мұның барлығы Банк Алушыға хабарламада анықтайтын ережелер мен шарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

4.6. Грант қаражатын алу Грант валютасында жүргізіледі. Банк Алушының өтініші бойынша және Алушының өкілі ретінде әрекет ете отырып, Гранттың валютасына Гранттың Шотынан алынған Грант қаражатынан қаржыландырылатын шығыстарға ақы

төлеу үшін қажетті валютаны сатып алады. Егер осы Келісім-хаттың мақсаттары үшін бір валютаның басқа валютаға қатынасы бойынша құнын айқындау қажет болса, бұл құнды Банк негізді түрде анықтайды.

4.7. Қызметтің жүзеге асырылуына жәрдемдесу мақсатында Алушы Банкте және осы шоттың өзара есеп берулерден, тұтқындалуынан немесе қосылуынан тиісінше қорғалуын қоса алғанда, Банк үшін қанағаттанарлық жағдайда АҚШ долларымен арнайы депозиттік шот (Арнайы шот) аша және жүргізе алады. Арнайы шотқа салымдар мен Арнайы шоттан төлемдер осы Қосымшаға II толықтырудың ережелеріне сәйкес жүргізіледі.

## 5. Бухгалтерлік шоттар мен аудит

5.1. (а) Алушы есеп құжаттар мен бухгалтерлік шоттарды қоса алғанда, қаржылық басқару жүйесін қолдайды және қолдауды қамтамасыз етеді және бухгалтерлік есептің тиісті практикасына сәйкес Қызметті жүзеге асыруға байланысты операцияларды, ресурстар мен шығыстарды тиісті түрде көрсететін Банк үшін қолайлы нысан бойынша қаржылық есептер дайындайды.

(b) Алушы: (i) әрбір қаржы жылы үшін жоғарыда (а) тармақшасында көрсетілген есеп құжаттарына, бухгалтерлік шоттарына және қаржы есептеріне, сондай-ақ Арнайы шотқа қатысты есеп құжаттары мен бухгалтерлік шоттарына Банк үшін қолайлы, дәйекті түрде қолданылатын аудит стандарттарына сәйкес Банк үшін қолайлы тәуелсіз аудиторлардың аудиторлық тексеру жүргізуін қамтамасыз етуі; (ii) Банкке дайын болған бойда, бірақ кез келген жағдайда әрбір жыл аяқталғаннан кейін алты айдан кешіктірмей: (A) осы бөлімнің (а) тармақшасында айтылған аудиторлық тексеруден өткен әрбір жыл үшін қаржылық есептердің расталған көшірмелерін, және (B) осы есептер, есеп құжаттары мен бухгалтерлік шоттар бойынша жоғарыда көрсетілген аудиторлардың қорытындысы, сондай-ақ көлемі мен тәптіштеу дәрежесін Банк негізді түрде анықтаған аудиторлық есепті; және (iii) Банкке оның негізделген мерзімді сұрау салулары бойынша осы есеп құжаттарына қатысты өзге де мәліметтерді, бухгалтерлік шоттар мен олардың аудиторлардың тексерулерін, сондай-ақ жоғарыда көрсетілген аудиторларды ұсынуы тиіс.

(c) Қаржыландыру үшін Грант Шотынан қаражат шығыс ведомостарының негізінде алынған барлық шығыстар бойынша Алушы: (i) осы шығыстарды көрсететін есеп құжаттары мен бухгалтерлік шоттардың осы бөлімінің (а) тармақшасына сәйкес жүргізуі немесе жүргізуін қамтамасыз етуі; (ii) Банк Грант Шотынан қаражатты соңғы алу жүргізілген қаржы жылы үшін аудиторлық есепті алғаннан кейін кемінде бір жыл ішінде осы шығыстарды растайтын барлық есеп құжаттарын (келісім-шарттар, тапсырыстар, шот-фактуралар, шоттар, түбіртектер мен басқа да құжаттар) сақтауы; (iii) Банк өкілдеріне осы есеп құжаттарын тексеру мүмкіндігін қамтамасыз етуі; және (iv) осы есеп құжаттары мен бухгалтерлік шоттар осы бөлімнің (v) тармақшасында аталған жыл сайынғы аудиторлық тексеруден өтуі үшін және осындай аудиторлық тексеру

туралы есеп осындай қаржы жылы ішінде ұсынылған шығыс ведомостары, оларды дайындау процесінде қолданылған ішкі бақылау рәсімдері мен тетіктері, сондай-ақ қаражатты тиісінше алу үшін жеткілікті негіз болатын-болмайтындығына қатысты жоғарыда көрсетілген аудиторлардың жекелеген қорытындысын қамтуы үшін шаралар қабылдауы тиіс.

## 6. Құқықтарды тоқтата тұру және жою

6.1. Банк, егер төменде санамаланған оқиғалардың қандай да болмасын бірі болса және болуын жалғастырса, Алушыға тиісті хабарлама жібере отырып, кез келген уақытта Алушының Грант Шотынан одан әрі қаражат алу құқығын тоқтата алады: (а) Алушы осы Келісім-хатта белгіленген өз міндеттемелерінің кез келгенін орындамаса; немесе (б) Банк Қазақстан Республикасының кепілдігімен қарыз берген Алушының немесе кез келген өзге тұлғаның Банкпен қарыз туралы қандай болмасын келісім немесе Халықаралық даму қауымдастығымен дамыту кредиті туралы қандай да болмасын келісім шеңберінде қаражат алу құқығы тоқтатылған болса.

6.2. Банк Алушыға тиісті жазбаша хабарлама жібере отырып, Алушының Грант Шотынан қаражатты одан әрі алу құқығын жояды: (а) Алушының Грант Шотына қаражатты алу құқығы осы бөлімнің 6.1-тармағының ережелеріне сәйкес тоқтатылғаннан кейін кез келген сәтте; (б) егер осы Грант туралы келісім күшіне енгеннен кейін алты ай ішінде Алушы Қызметті жүзеге асыру мақсатында Банк үшін қанағаттанарлық шараларды қабылдай алмаса; немесе (с) егер Алушымен консультация жүргізгеннен кейін Банк Жобаны одан әрі қолдаудан бас тартуды шешсе; немесе (d) егер Алушы Жобаны қаржыландыруда Банктің көмегіне өзінің сұрау салуын қайтарып алса.

1 толықтыру

## **Сатып алу**

### 1 бөлім. Консультациялық қызметтер көрсету

#### А-бөлігі: Жалпы ережелер

Консультациялық қызметтер көрсету Банк 1997 жылғы қаңтарда жарияланған және 1997 жылғы қыркүйекте, 1999 жылғы қаңтарда және 2002 жылғы мамырда қайта қараған "Дүниежүзілік банктен қарыз алушыларының консультанттарды іріктеуі мен жалдауы" Басшылығының (Консультанттар жөніндегі басшылық) I және IV ережелеріне сәйкес, сондай-ақ Басшылыққа 1-қосымшаға, Басшылыққа 2-қосымшаға және осы бөлімнің мынадай ережелеріне сәйкес сатып алынады.

#### В-бөлігі: Сапасы мен құны бойынша іріктеу

Осы Бөлімнің С-бөлігінде айтылған жағдайларды қоспағанда, консультациялық қызмет көрсету сапасы мен құны бойынша консультанттарды іріктеу жағдайына қолданылатын Консультанттар жөніндегі басшылықтың II бөлімінің ережелеріне



сәйкес және Консультанттар жөніндегі басшылықтың 3.13-3.18-тармақтарының ережелеріне сәйкес тағайындалатын келісім-шарттар шеңберінде сатып алынады.

## C-бөлігі: Консультанттарды іріктеуге арналған өзге де рәсімдер

### 1 Консультанттардың біліктілігі негізінде іріктеу

Құны келісім-шартқа 100.000 АҚШ долларынан кем бағаланатын осы Қосымшаның 1.1(a), 1.1(b), 1.1(c), 1.1(d), 1.1(e), 1.1(f) және 1.1(g) кіші параграфтарында көрсетілген іс-шараларды орындау үшін консультациялық фирмалардың қызметтер көрсетуі Консультанттар жөніндегі басшылықтың 3.1. және 3.7.-параграфтарының ережелеріне сәйкес тағайындалатын келісім-шарттар бойынша сатып алынады.

### 2. Жеке консультанттар

Осы қосымшаның 1.1(a), 1.1(b), 1.1(c), 1.1(d), 1.1(e), 1.1(f) және 1.1(g) кіші параграфтарында көрсетілген іс-шараларды орындау үшін, Консультанттар жөніндегі басшылықтың 5.1-тармағында айтылған талаптарға жауап беретін жеке консультанттардың қызметтер көрсетуі Консультанттар жөніндегі басшылықтың 5.1-5.3-тармақтарының ережелеріне сәйкес тағайындалатын келісім-шарттар бойынша сатып алынады.

## D-бөлігі: Банктің консультанттарды іріктеуді қарауы

### 1. Іріктеуді жоспарлау

Консультанттарға Банктің қарауына және бекітуіне ұсыныстарды беруге қандай да болмасын шақыруларды жібергенге дейін келісім-шарттардың бағдарлы құнын, келісім-шарт пакеттерінің жиынтығын және қолданылатын өлшемдер мен іріктеу рәсімдерін қамтитын консультанттарды іріктеу жоспары ұсынылуы тиіс. Бұл жоспар Қызметті жүзеге асырудың бүкіл кезеңінде 6 айда бір рет нақтылануы тиіс және әрбір нақтыланған нұсқа Банктің қаралуына және бекітуіне жіберілуі тиіс. Барлық консультациялық қызметтер көрсетуді іріктеу Банк бекітуі тиіс осы жоспарға сәйкес ( мерзімді нақтылауларды ескере отырып), өтуі тиіс.

### 2. Алдын ала қарау

(a) Бағдарлы құны 50.000 АҚШ долларының баламасына тең немесе одан асатын консультациялық фирмаларды жалдауды көздейтін әрбір келісім-шартқа қатысты Консультанттар жөніндегі басшылыққа 1-қосымшасының 2, 3 және 5-тармақтарында баяндаған рәсімдер қолданылады.

(b) Бағдарлы құны 25.000 АҚШ долларының баламасына тең немесе одан асатын консультациялық фирмаларды жалдауды көздейтін әрбір келісім-шартқа қатысты Банктің алдын ала қарауына және бекітуіне кандидаттардың біліктілігін және тәжірибесін салыстыру нәтижелері туралы есеп, сондай-ақ техникалық тапсырма мен консультанттарды жалдау шартын ұсынады. Келісім-шарт Банктің келісімін алғаннан кейін ғана тағайындалады. Мұндай келісім-шарттарға Консультанттар жөніндегі басшылыққа 1-қосымшаның 3-тармағының ережелері қолданылады.

### 3. Кейіннен қарау

Осы Бөліктің 2-тармағының ережелерімен реттелмейтін әрбір келісім-шартқа Консультанттар жөніндегі басшылыққа 1-қосымшаның 4-тармағында айтылған рәсімдер қолданылады.

#### II-бөлім. Тауарларды сатып алу

Тауарлар (а) Банк 1995 жылғы қаңтарда жарияланған және 1996 жылғы қаңтарда және тамызда, 1997 жылғы қыркүйекте және 1999 жылғы қаңтарда қайта қаралған "ХҚҚДБ қарыздары мен МАР кредиттері бойынша сатып алу" Басшылығының (Басшылық) I бөлімінің ережелеріне сәйкес; және (b) Басшылықтың 3.5. және 3.6-тармақтарының ережелеріне сәйкес еркін саудада сатып алу рәсімдерін пайдалана отырып, тағайындалатын келісім-шарттар бойынша сатып алынады. Мұндай келісім-шарттарға "ұсыныстар" деген сөз осы 4-параграфта "белгілеу" ретінде оқылуы тиіс болған жағдайда Басшылыққа 1-қосымшаның 4-тармағында баяндалған қарау рәсімдері қолданылады.

II қосымша

#### **Арнайы шот**

1. Осы Толықтырудың мақсаттары үшін:

(a) "қолайлы бап/қолайлы баптар" деген термин Келісім-хатқа берілген Қосымшаның 4.2-тармағындағы кестеде көрсетілген бапты/баптарды білдіреді;

(b) "қолайлы шығыстар" деген термин Қызметті жүзеге асыру үшін қажет және Грант қаражатынан қаржыландыруға жататын тауарлар мен қызметтер көрсетудің негізделген құнына ақы төлеуге жұмсалатын шығыстарды білдіреді; және

(c) "Санкцияланған сома" деген термин Грант Шотынан алынуы және осы Толықтырудың 3(a) тармағына сәйкес Арнайы шотқа енгізілуге тиіс 50.000 АҚШ долларына баламалы соманы білдіреді.

2. Арнайы шоттан төлемдер осы Толықтырудың ережелеріне сәйкес қолайлы шығыстарды қаржыландыру үшін ғана жүргізіледі.

3. Банк Арнайы шоттың тиісті түрде ашылғандығын растайтын, оны қанағаттандырарлық құжаттарды алғаннан кейін Санкцияланған соманың қаражатын алу және Арнайы шотты толықтыру үшін кейіннен қаражат алу мынадай түрде жүргізіледі:

(a) Алушы Банкке Арнайы шотқа Санкцияланған соманың жиынтық мөлшерінен аспайтын соманы немесе сомаларды салуға арналған өтінімді немесе өтінімдерді жібереді. Осындай өтінімнің немесе өтінімдердің негізінде Банк Алушының атынан Алушы сұрау салған соманы немесе сомаларды Гранттың Шотынан алады және Арнайы шотқа салады.

(b) (i) Арнайы шотты толықтыру үшін Алушы Банкке мерзімін Банк анықтайтын Арнайы шотқа қаражат салуға арналған өтінімдерді жібереді.

(ii) Осындай өтінімді бергенге дейін немесе берумен бірге Алушы Банкке оларға байланысты Арнайы шотты толықтыруға қаражат сұралатын төлемді немесе төлемдерді жүзеге асыру үшін осы Толықтырудың 4-тармағына сәйкес қажетті құжаттаманы және басқа да растаушы құжаттарды жібереді. Әрбір алынған өтінімнің негізінде Банк Алушының атынан Алушы сұрау салған және жоғарыда айтылған әрі өзге де құжаттар көрсеткендей, қолайлы шығыстарға ақы төлеу үшін Арнайы шоттан төленген соманы Гранттың Шотынан алады және Арнайы шотқа салады. Осындай тәсілмен салынған барлық қаражатты Банк Гранттың Шотынан қолайлы баптар шеңберінде және жоғарыда көрсетілген әрі өзге де құжаттармен расталған тиісті баламалы сомаларда алады.

4. Алушы Арнайы шоттан жүргізген әрбір төлемге қатысты Алушы Банктің негізделген талабы бойынша Банкке бұл төлем тек қолайлы шығыстарды жабу үшін ғана жүргізілгендігіне құжаттар мен өзге де дәлелдерді ұсынуы тиіс.

5. Осы Толықтырудың 3-тармағының ережелеріне қарамастан, Банк Арнайы шотқа қосымша қаражатты салуға міндетті емес.

(a) егерде қандай да бір кезеңде Банк бұдан әрі Алушы барлық қаражатты тікелей Гранттың Шотынан алуы тиіс деп шешсе;

(b) егер Алушы Банкке осы Келісім-хатқа Қосымшасының 5.1.(b)-тармағының (ii) тармақшасында белгіленген мерзім ішінде Банкке Арнайы шотқа жататын есеп құжаттары мен бухгалтерлік шоттарды аудиторлық тексеруге байланысты көрсетілген тармаққа сәйкес ұсынылуы тиіс қандай да болмасын аудиторлық есепті ұсынбаса;

(c) егер қандай да бір кезеңде Банк осы Келісім-хатқа Қосымшаның 6.1.-тармағының ережелеріне сәйкес Гранттың Шотынан алуға Алушының құқығын өзінің толық немесе ішінара тоқтату ниеті туралы Алушыға хабарласа; немесе

(d) Гранттың алынған қаражатының жалпы сомасы екі еселенген Санкцияланған соманың баламасына теңестірілсе.

Бұдан кейін Гранттың Шотынан Гранттың жұмсалмаған қалдық сомасын алу Банк Алушыға тиісті хабарламада анықтайтын рәсімдерді пайдалана отырып жүргізіледі. Қаражатты осылайша одан әрі алу мұндай хабарлама сәтінде Арнайы шотта қалған барлық қаражат қолайлы шығыстарға ақы төлеу үшін пайдаланылатындығына Банк көз жеткізетіндей дәрежеден кейін ғана жүргізіледі.

6. (a) Егер Банк қандай да бір кезеңде Арнайы шоттан қандай да болмасын төлем: (i) осы Толықтырудың 2-тармағына сәйкес қолайлы болып табылмайтын шығыстарды немесе соманы жабу үшін жүргізілді; немесе (ii) Банкке ұсынылған құжаттармен расталмаған деп шешсе, Алушы Банктің тиісті хабарламасын алып, тезарада: (A) Банк сұрау салған қосымша растаушы құжаттарды ұсынуы; немесе (B) Арнайы шотқа осындай төлемге тең немесе қолайлы болып табылмайтын немесе расталмаған оның сол бөлігіне тең соманы салуы (немесе Банктің өтініші бойынша Банкке қайтаруы) тиіс. Банкпен өзге уағдаластықтар болмаған кезде Банк Алушы мұндай растаушы

құжаттарды бергенге немесе қаражатты салғанға немесе оларды қайтаруды жүргізгенге дейін Арнайы шотқа ешқандай қосымша қаражатты салмайды.

(b) Егер Банк қандай да бір кезеңде Арнайы шотта қалған қандай да болмасын сома қолайлы шығыстарды қаржыландыру есебіне одан әрі төлемдерді жүзеге асыру үшін талап етілмесе, Алушы Банктің тиісті хабарламасын алып, Банкке осы қалған соманы тезарада қайтаруға тиіс.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК